



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 31 (926)

29 шілде 2016 жыл

Жұма

Аудандық мәслихатта

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында алтыншы шақырылған Қаратал аудандық мәслихатының кезекті тоғызыншы сессиясы болып өтті. Сессия күн тәртібінде қаралған мәселелер: «Қаратал ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерінің орындалуы туралы» және «Қаратал аудандық ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшысының есебін қарау және оны бағалау туралы».

АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНДА ОҢ СЕРПІАСТЕР БАР

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, қала, ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары, жергілікті полиция қызметкерлері, ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Сессия жұмысына аудан әкімі Қайрат Бисембаев қатысып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндама жасады. Халық қалаушыларының алдында есеп берген баяндамашының сөзінен аңғарғанымыз, 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында экономикада қол жеткізілген қарқын сақталды, іс-шаралардың барлығы негізгі басымдықты өндірістің төмендеуіне, жаңа жұмыс орындарын құруға, халықтың өмір сүру деңгейін әрі қарай көтеруге бағытталған. Қайрат

кешенінің құрылысы», бүгінгі күні 1 басы 2300 еуроны құрайтын, Германиядан «Синментальская» тұқымынан 90 бас сиыр малы жеткізілді, инвестиция көлемі 200 млн. теңге. Екіншісі - «АгроИнвестКаратал» ЖШС-ң «Бордақылау комплексі және ет өңдеу цехы» жобасы, инвестиция көлемі 2500 млрд. теңге. Жалпы айтқанда, бірінші жартыжылдықта ауылшаруашылығында, өнеркәсіпте, инвестицияларда, басқа да салаларда негізінен өсім сақталған. Мәселен, аграрлық секторда есепті кезеңде 2390,0 млн.теңгенің өнімі өндірілді, немесе 2015 жылға қарағанда 101,2 пайызды құрап отыр. Қаңтар-маусым аралығында 3313 тонна ет, 7672 тонна сүт, 4158



Өшірәліұлының айтуынша бюджет бойынша бекітілген жоспар 109,1%-ға орындалды, жоспар бойынша - 559,3 млн.теңгенің орнына 610,3 млн. теңге түсті. Жалпы 2016 жылдың түсімдері былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 101,8 млн. теңгеге көбейді, немесе өсім 120% пайызды құрады. Аудан экономикасына 2054,0 млн.теңге инвестиция тартылды, (2015ж. - 1860,0 млн. теңге), оның ішінде, өзіндік қаражат есебінен 1442,3 млн.теңге.

«Экономиканың басым секторларына «зәкірлі» инвесторлар тарту» аясында ауданда жалпы инвестиция көлемі 2,7 млрд. теңгені құрайтын екі ірі жоба жүзеге асырылуда, шамамен 100-ден астам жұмыс орны құрылады деп күтілуде. Оның біреуі - «Тастөбе-Агро-Фуд» ЖШС-нің «Сүт өндіретін

мың. дана жұмыртқа, 236 тонна жүн өндірілді.

Дала жұмыстары жоспар бойынша жүргізілуде. Қант қызылшасы 940 гектар жерге егіліп, бүгінде кезекті қопсыту, шөптеу, суару жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жоспар бойынша ерте пісетін 3882 гектар дөңді дақылдарды жинау науқаны басталды. Жиналған 1060 гектардан 1814 цн. өнім алынды, өнімділігі 17,1 цн.

2015 жылдан бері қант қызылшасын өсіруге аса зор мән берілуде. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі бағытының негізінде 2015 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен ауданда «Алға» сервистік дайындау орталығы құрылған. Оған «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 107,0 млн.теңгеге 10 жылға лизингке 25 бірлік техника сатып алынды. Нәтижесінде, 560 гектар қант қызылшасы

алқабынан 16800 тонна өнім түсіп, өнімділігі әр гектарынан 300 центнерден айналды.

Биыл екі сервистік дайындау орталығы құрылды. Біреуі қант қызылшасы саласын дамытуға «Гладиус-Каратал» ЖШС-гі негізінде 206,0 млн. теңгеге 17 дана техникаға тапсырыс берді. Қазіргі кезде 4-трактор, 1-ОВТ, 1-қопсытқыш, 1-тіркелмелі жер қопсытқышын, 1-Камаз автокөлігі алынып, жұмыс науқанына кірісіп кетті.

Екіншісі күріш өндіру саласын дамыту мақсатында «Ушобинский» ЖШС-гі негізінде ашылды. Күріш егу саласына қажетті 164 млн. теңгеге 16 дана техникаға тапсырыс беріліп, бүгінге 4-трактор, 2-сепкіш, 2-соқа, 2-дана «Енисей-Р» комбайны алынды. Жалпы аудан бойынша 346,0 млн.теңгеге 36 бірлік техника алынды.

Ауданда тамшылатып суғару 2015 жылы 135 гектар болса, биыл - 150 гектарды құрады. Көлемі 1,71 гектарды құрайтын 13 жылжыаудан биылғы жылы бірінші айналымда 112 тонна өнім алынды. Ауданда «Алтын асық», «Құлан», «Сыбаға» бағдарламалары ойдағыдай орындалуда. «Ырыс» бағдарламасы бойынша шаруа қожалығы 50 бас ірі қара мал сатып алуға құжаттарын жинақтауда. «Құдық» бағдарламасы аясында 7 құдық жаңғырту жоспарланған, дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Есепті кезеңде аудан бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 685,0 млн. теңгені құрап отыр, яғни 2015 жылмен салыстырғанда 112 пайызға өсу қарқыны бар. (2015 жылдың 6 айында 612,0 млн.теңге).

Осы және басқа да мәліметтерді келтірген өңір басшысы өз баяндамасында «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын іске асыру мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралар жайлы, ауыз су мәселесін, аудандық мекемелердің жылыту маусымына дайындығы жайлы, білім мен денсаулық т.б. салалар туралы айтты. Аудан әкімі Қ.Бисембаевтың есебі бойынша №97 балабақша меңгерушісі депутат Г. Күйқалақова сөз сөйледі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Қаратал аудандық ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшысының есебін қарау және оны бағалау туралы» аудандық ІІБ бастығының орынбасары Г. Жапарқұлов баяндама жасады. Бұл мәселені талқылау барысында мәслихат хатшысы Б. Смаилов сөз сөйледі. Баяндамашының есебі назарға алынып, депутаттар тарапынан «қанағаттанарлық» деген баға берілді. Жиын барысында басқа да мәселелер қаралды. Сессияның күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудан әкімі Қ. Бисембаев сөз сөйледі.

Сарқыт ДӘРКЕНБАЕВА

Аудан әкімінің назарында

Апта аралығында аудан басшысы Қ. Бисембаев ауданның бірқатар құрылыс нысандары мен елді-мекендердегі қант қызылшасы алқаптарына барып жұмыстарымен танысты.

Айту би ауылдық округінің аумағындағы «Агро-Инвест Каратал» ЖШС-нің мал бордақылау алаңының жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен және 118 млн.теңгеге жасалған келісім-шарт негізінде жүргізіліп жатқан Көкпекті ауылының ауызсу құрылысымен танысты; І.Есенберлин атындағы жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысымен танысып, мерзіміне сәйкес, сапалы жүргізілуін бақылауға алу жөнінде сала басшыларына тапсырды.

Үштөбедегі Сайланбай, Әбдірахман ақын көшелеріне жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң қадағалау жөнінде тиісті басшыларға тапсырма берді.

Жолбарыс батыр, Тастөбе, Елтай, Ескелді, Бастөбе, Айту би ауылдық округтері және Үштөбе қалалық округінің қант қызылшасы алқаптарымен танысып қайтты. Қ.Бисембаев қант қызылшасының өнімділігін жоғарылату барысында арамшөптен тазарту, суғару, минералды тыңайтқыштар беру жөнінде ауыл шаруашылық құрылымдарының басшыларына тапсырды.

НҰР ОТАННАН АҚПАРАТ

«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: «Су, Реформалар, Даму» атты тақырыпта фракция отырысы болып өтті. Жиында фракция жетекшісі Г. Күйқалақова баяндама жасады.

«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының мәжіліс залында бастауыш партия ұйымдары төрағаларының қатысуымен кездесу өткізілді. Басқосуда партияның аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Б.Абақов жиналғандарды «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының ережесімен таныстырды.

18 әулие мекен еткен киелі Қараталдың ел-жұрты да киелі деуге әбден болады. Себебі, мейірім мен ыстық лебізі, биік парасаттылық пен қошемет - құрметті тегімен өңірдің басшылығы да асылдарын өспеттеп, азаматтарын ардақтауға әрдайым өзін түрады.

Абзал азамат ардақталды

Астана мерекесі қарсаңында ауданның құрметті азаматы атағына бір шоғыр азаматтар мен азаматшаларымыз қол жеткізіп, ел мерейіне бөленген еді. Солардың қатарында ауданымызға 2004-2005 жылдар ара-



лығында әкім болған Қайрат Досаев та бар болатын. Қызмет бабына байланысты мерекелік шараға қатыса алмаған Жамбыл облысы, Қордай ауданының әкімі Қайрат Әскербекұлы жуырда ауданымызға арнайы келіп кетті. Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өңір басшысы Қайрат Бисембаев пен мәслихат хатшысы Бақыт Смаилов арда азаматқа «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атағын салтанатты түрде тапсырды. Көрсетілген құрмет-қошеметке ризашылығын білдірген марапат иесі де өз кезегінде өңір басшылығына арнайы сый-сияпат көрсетті.

«Бастау»-ақпарат

Брифинг

Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚАРАТАЛ ауданының ӘКІМІ ҚАЙРАТ БИСЕМБАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН «100 НАҚТЫ ҚАДАМ» ҰЛТ ЖОСПАРЫНЫҢ ҚАРАТАЛ АУДАНЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ» АТТЫ БРИФИНГ БОЛЫП ӨТТІ.

АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР АУҚЫМДЫ

Жиын барысында өңірдің тыныс-тіршілігі мен ел экономикасы үшін маңызы зор өндірістік саланы дамыту және т.б. жайлы Қайрат Өшірәліұлы кеңінен әңгімеледі. «Бес институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары - Қазақстанды өзге мемлекеттермен бәсекеге қабілетті етеді және дамыған 30 елдің қатарына қосылуына серпін береді. Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, жаңа жұмыс орындарын құру, өндірісті дамыту сынды игі жұмыстар біздің ауданда да қарқынды жүріп жатыр. Ұлт жоспарының 35-36 қадамдарына сәйкес ауыл шаруашылығы бағытындағы жерлерді нарықтық айналымға енгізу үшін түгендеу жүргізілген. Нәтижесінде 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында игерілмей жатқан 30013 гектар жер анықталды. Соларды игеру үшін жүйелі жұмыстар жасалынып жатыр. Аграрлы индустриалды алқапқа бидай, күріш, пияз, соя, қант қызылшасы сынды дөңді дақылдар егілді.

Инвестиция тарту тапсырмасы да назардан тыс қалған емес. Осы жылы өңірге 4873,2 млн. теңге инвестиция тарту көзделінген. Жыл басынан бері 2054 млн. теңге инвестиция тартылды. Солардың есебінен ауданда екі ірі жоба жүзеге асырылуда. Алғашқысы: республикалық индустриаландыру картасына «KA 2 PV қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдер өндірісін құру» жобасымен енгізілген өнеркәсіп өндірісі көлемінің 30 пайызын құрайтын «KazSilicon» МК жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Металлургиялық кремний, кварц өнімдерін өңдеп, Франция, Норвегия, Жапония, Корея, Германия сынды елдерге шығарылады. Бүгінгі күні металлургиялық кремний 99,9 (Si) пайызға жеткізілген. Сарыкөл кен орнынан ашық әдіспен өндірілетін кварцты

10000 тоннадан 200000 тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда. Екіншісі: 2,5 млрд. теңгені құрайтын «Агро-ИнвестКаратал» ЖШС-нің «Бордақылау кешені және ет өңдеу цехы» жобасы. Бұл жобаның негізінде 100-ден астам жұмыс орны құрылады.

Кооперацияны дамыту арқылы сүт өндіру және өңдеуге стратегиялық инвесторлар тарту көзделген. Қаратал ауданында жалпы жыл бойы 15000 тонна сүт өндіріледі, оның 4000 тоннасы «Үштөбе Айдын» сүт зауытында өңделеді. Өндірістік қуаттылығы тәулігіне 15 тоннаны құрайтын зауыт сүт, айран, сүзбе, сарымай, балмұздақ сынды 16 түрлі өнім өндіреді. Сүт өндірісін дамыту мақсатында «ТастөбеАгроФуд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де 200 бас ірі қараға арналған сүт фермасын құру жобасын іске асыруда. Қазіргі таңда оған Германиядан 90 бас ірі қара әкелінді, жыл соңына дейін тағы 90 бас жеткізіледі деп жоспарлануда. Туризм саласында стратегиялық инвесторларды тартуға қатысты «зәкірлі» жобалар аясында аудан аумағында сұңқар мен дуадақ құсын өсіретін аңшылық аймағын ашу жоспарланып отыр. Қаратал өңірі - географиялық климаттық жағдайының қолайлылығына байланысты туризмді перспективалы аудандардың бірі болып табылады. Тоғайлары мен қырларындағы кездесетін аң-құстарын, өзеніндегі балығын аулаушылар да өте көп. Саятшылық пен балық аулау - өңірдің дамуына оң ықпалын тигізетін үлкен ресурс көзі болып табылады. Ауданда демалушыларды қабылдайтын демалыс аймағының бірі - Қызылжар ауылындағы жасанды көл», - деген өңір басшысы журналистер тарапынан қойылған әртүрлі сұрақтарға тұщымды жауаптар беріп, киелі өңір - Қараталдың игі жетістіктерімен бөлісті.

С. СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ

Тұрындар назарына!

«САРЫ» ДЕҢГЕЙ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Терроризммен күрес жөніндегі республикалық жедел штаб Қазақстан Республикасының барлық аумағында террористік қауіптің бірқалыпты «сары» деңгейі мерзімін 2016 жылғы 16 тамызға дейін ұзарту жайлы шешім қабылдады.

Террористік қауіптілік деңгейі белгіленген кездегі тұрғындардың іс-қимыл реті бойынша КЕҢЕС

- сөмкелер, қораптар, бумалар, қаптар, шамадандар түріндегі иесіз заттарға, әсіресе электр сымдары мен техникалық құрылғылары көрініп тұрған заттарға, сонымен қатар қоғамдық орындар мен көліктің күдікті адамдарға назар аударыңыздар;
- күдікті заттарды сақтауға немесе тасымалдауға алмаңыздар;
- айналыңыздағы адамдарға әлдекімдер тастап кеткен заттарды ұстаудың қауіпті екенін түсіндіріңіздер;
- құжаттарды тексеру кезінде құқыққорғау органдары қызметкерлерінің жұмысына түсіністікпен қарап, оларға қолдан келгенше көмек көрсетіңіздер;
- ағымдағы жағдай туралы жаңалықтарға құлақ түріңіздер;
- үрейге берілмеңіздер.

Бірқалыпты
«сары»

ҚР ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ОРТАЛЫҒЫ.

Мәдениет күні

Өткен аптаның жұмасында қалалық саябақтың төрінде Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, сонымен қатар үкімет бекіткен басқа да айтулы даталарға арналған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен жұмыспен қамту мекемесінің Мәдениет күніне арналған «Өркендей бер, Мәңгілік Қазақстан!» атты мерекелік бағдарламасы болып өтті.

... ДҮНИЕНІҢ ҚЫМБАТЫ ТЕК МАЛ ЕМЕС

Он ақылдыдан бір мейірімді артық
«Бұрынғының данышпандары айтып кеткен, дүниенің қымбаты тек мал емес» деп қызметтеріне қоса өнер мен спортты өмірлеріне серік еткен бөлім қызметшілерінің шарасы жоғары деңгейде өткізіліп, көрген жұртты қозға етті. Қызмет бабына сәйкес халықпен етене араласып, қоян-қолтық жұмыс істейтін мекеме ел құрметіне бөлену үшін бұқараға пайдалы қандай да игі істерден сырт қалмайтындықтарын көрсетті. Талғаммен әсем безендірілген сахна, ұжым жетістіктерін айғақтайтын көрнекті стөнд, көздің жауын алатын қолөнер шеберлерінің көрмесі, дауыс күшейткіш қондырғылардан төгіліп, жүректің қылын шерткен ән, әдемі үнді жүргізушілер Нұржан Рахметғазинов пен Любовь Трайттың әуезді лебіздері бәрі де мерекенің жасандылықтан ада, шын жүректен ұйымдастырылып отырғанын аңғаратты. Қол созым жерге 60 тәннен тұратын денеге массаж жасайтын төсек, қол арбаға таңылған, жандары жаралы адамдарды тасымалдайтын автокөлік қойылыпты. Мамандар қызығушылық танытқандарға оларды қалай пайдалану керектігін көрсетіп жатты. Бөлім басшысы Серік Амандосов бірер күн бұрын, мереке шарасы аясында «он ақылдыдан бір мейірімді артық», - деп мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын жақсарту мақсатында біраз жанға қол арба және басқа да қажетті құрал-жабдықтар тарту етіпті. Жалпы, биылғы жылы тағдырдың тауқыметін тартқан мүмкіндігі шектеулі жандарға 42 қол арба, 4 есту аппараты, 12 плейер және сауықтыру мен емдеу орындарына (санаторий мен курорттарға) 14 жолдама, басқа да тифло және сурдо техникалық құралдар (магнитофон, ұялы телефон, сағат т.б.) мүмкіншілігінше көптеп берілген екен. Өрине, қамқорлыққа зәру барлық жандарды қажетті заттармен толықтай қамтамасыз ету бүгінгі экономикалық дағдарыс жаында мүмкін болмас, бірақ сондай күндерге жетсек деген ниет бар екенін сезіндік. Сонымен, мереке түнілін велосипедтерін ауыздықтаған балғын бүлдіршіндер түрді. Жарыс жолына шығып, мәреге қарай бар ынта-жігерлерімен оқтай зымыраған олардың жеңіске деген құштарлықтары, қулықтан ада, күнөден таза сәбилік талпыныстары көпшілікті сүйсіндіріп, ризашылыққа бөледі. Спорт бәсекесіне қол арбаны тізгіндеген мүгедек жандар да қатысып, өзара тартыста жеңімпазды анықтады. Сонымен бірге, шахмат пен дойбыдан ой таластырған адамдардың қарасы да аз болмады. Барлық жүлде иегерлері бөлімнің мақтау қағаздары мен бағалы сыйлақтарына және ақшалай марапаттарына ие болды.

Би болу, болыс болу өнер емес ...

Ал шараның ресми бөлімі «Қараталдың Қарашасы» атанған танымал тұлға Қ. Қараманның ақ батасымен ашылып, аудан әкімі Қ. Бисембаевтың мекеме ұжымына қуаныш, шаттық, бақыт тілеген құттықтауымен жалғасты. Әлеуметтік бағдарлама саласының басшысы Серік Жапарұлы болса жиылған жұртқа мекеме қызметінен

аз-кем мағлұмат беріп, тойдың тойға ұласуына ниетті екенін жеткізді. Артынша өнерпаздар әннің майын тамызып, сөздің балын ағызып, бидің көркін келтіріп кешке келген көрерменнің айызын қандырды. Қырық өнерпаз сан-алуан дауысқа салып, «Қазақстан» әнін тоты құстай



түрленткен хор, «сөз-адам жанының айнасы» деп әсерлі үнімен көркем сөздің иін қандырып, әрі «Жангүлім» әнінің ішкі мазмұнына аша білген Айнұр Байзақова, көркі «өзі-шекер, өзі-бал, өзі-қайың, өзі-тал» дейтін шырайлы теңеуге лайық Балауса Еркінбектің сұлу да сырлы өңдері, гитара аспабында «Алтынымды» тебіrentкен Махарбек Хабаров, жүрекке жылы тиетін «Қазақы дастархан» әнін қиялға беріле, жібектей созылтқан вокалды қыздар тобы, Қаратал көшінің тізгінін ұстап



беріле орындауы, «Алға, Қазақстан!» шығармасын нар бұрадай шабыттанып, тау суындай төгілдіре шалқытқан Балжан Қарабекова мен Азамат Абдрайымов, сыр сипаты бөлек халық әні «Балқадияшы» алтын қырдың астынан шығатын зордауысымен аспандатқан асыл азамат Марат Уалиев, «Цыған биін» оттай жандырған Жұмазия Камеланова, «Бауырымды» үзілдірген Күміс Муратбекова, қазіргі заман биінің музыкалық ырғағы мен қимыл-қозғалыстарын бір арнаға тоғыстыра билеген 12 ару, «Қыз ұзату» мен «Бесікке салу» дәстүрлерінде асылдай боп есіліп, нұрдай болып шашылған көрікті қыз-келіншектердің әдет-ғұрпымызды табиғатына сай сахналауы бәрі де бағдарлама мазмұнымен

қабысып, жұртшылық ойынан шықты. Мекеме қызметкерлерінің қатарында «Құдірет көндеген соң көнесін» деп құдайдың басқа салғанына мойымай, қайсар мінез таныту арқылы қоғамдық өмірге белсене араласып сахнаға шыққан, спорт алаңдарынан табылған жандардың ерлікке пара-пар істеріне сүйсінбеске лажымыз қалмады. Олардың талаптары мен ізденістерін қолдау баршамыздың парызымыз екенін естен шығармасақ екен. Ұлы Абай «Би болу, болыс болу өнер емес...» дейді. Мына жалған тіршілікте шен-шекпен, лауазым құмай, білікті маман

болып қалыптасуды және бойға мемлекетшілдік пен отансүйгіштікті қасиеттерді сіңіруді ойластырсақ, дурысы сол болар еді.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

Семинар

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

Аптаның сәрсенбісінде А.С. Пушкин атындағы орта мектебінің мәжіліс залында «Мәңгілік елдің Мемлекеттік рәміздері» атты семинар болып өтті. Шараға қала, ауыл округтері әкімдері, мемлекеттік мекеме басшылары, мектеп директорлары, БАҚ өкілдері қатысты.

Семинар отырысына облыс орталығынан арнайы келген қонақтар - Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облысы бойынша департамент басшысының міндетін атқарушы – Өкімов Әбсамат, бас маман – Сатыбалдиев Жанғали, жетекші маман – Нұрмұханова Назеркелер көтерілген мәселе бойынша мәліметтер келтіріп, слайд көрсете отырып, жан-жақты баяндама жасады. Мамандардың сөзіне қарағанда, мемлекеттік стандарт эталондарына сай өгерістер

(Елтаңбаға) үстіміздегі жылдың 1-шілдесінен бекітілген. Заңға сәйкес 2017 жылдың 1-шілдесіне дейін ескілері міндетті түрде ауыстырылуы қажет.

Семинар барысында жиналғандар тарапынан көптеген салмақты әрі

түіткілді сауалдар қойылып, тиісті жауаптар берілді. Жиынды аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Назкен Игенбаев қорытындылады.



Қала тіршілігі

Ортаға ой тастауға, пікір алысуға арналған аталған ахабды жазуға республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Анар Төлеуханқызының басылымдағы «Үйренетін үрдіс» айдарымен берілген «Қоқыстағы қазына» атты ұсыныс пікір мақаласы (№135, 16.07.2016 ж.) түрткі болды.

ҚОҚЫСТАН ТАЗАРУДЫҢ ЖОЛЫ КӨП

Онда өркениетті елдер қатарына жататын Финляндия мемлекетінің Суами жұрты Хельсинки қаласы тұрғындарның пайдаланылған тұрмыстық қалдықпен бізше жарамсыз саналатын қоқыс атаулыны қалайша қазынаға айналдырып отырғаны баяндалады, үлгі етіледі: Тазалық пен реттіліктің өзін мәдениеттің үздік үлгісі санайтын олар күнделікті тұтынған тұрмыстық заттарын аулаға қоқыс күйінде шығарғанда оны еркінше ыждағаттылықпен бөліп-бөліп төгуді (полиэтилені, шынысы, қағаз бен темір-терсегі бір бөлек т.б.) бұлжымас заңға, үйренішті дағдыға айналдырған.

Тағы бір көкейге қонатыны, осы бағытта құрылған арнайы мекемелердің көмегімен сол жарамсыз саналатын қоқыстардың басым бөлігі қайталай өңделеді екен. Аталған мемлекетте тіпті отын орнына қоқыс жағып, электр энергиясын тарататын станциялар да баршылық көрінеді. Сондай-ақ супермаркеттер мен сауда үйлерінде тазартылған темір (қаңылтыр) мен шыны ыдыстарды қабылдап, оған чек беретін арнайы автоматтар жұмыс істейді. Ең құптарлығы, күнделікті қоқысты рет-ретімен сұрыптап тегушілер мен оны мүлде аз шығаратындарға (тіпті шығармайтындар) пәтер ақысын төлеуде біршама жеңілдіктер жасалады. Көрдініз бе, халыққа коммуналдық, тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелердің өзі тұрғындармен біте қайнасып жұмыс істегендіктен оның қайтарымы айтарлықтай болып тұр.

Ал бұл жағдай біздің елде, өз қаламызда ше?! Өте анайы әрі бей-берекет жолға қойылған. Күнделікті пайдаланылған тұрмыстық, шаруашылық қоқысты көмір күлі де бар, қапқа сықай толтырып, қалтарыс та таса жерге, кейбіреуіміз еш

шімірікпестен түн жамылып, үй іргесіндегі көшеге тастай салуымыз түкке де қиындыққа түспейді. Санитарлық тазалықты осылайша өрескел бұзып, қолға түскендердің құзырлы мекемелер тарапынан тиісті жазасын алып жатқаны да некен-саяқ. Сұрау салынып, талап қойылмағасын, тазалық тәртібі қадағаланбағасын осындай бей-берекетсіздік етек ала берері өзінен-өзі түсінікті. Демек, ай дейтін ажа, қой дейтін жожа болуы, тұрғындарды қоршаған ортаның тазалығы мәдениетіне тәрбиелеу ісі жандандырылуы тиіс. Бұл шараға тек ғана қала әкімдігінің міндеті деп сыртқары қалатын болсақ, онда өркениетті елдер көшіне ілесуіміз кешеуілдей түседі.

Болашақта Үштөбедей шағын да әсем қаланың тазалығы мен көріктендірілуіне тікелей жауап беретін қала әкімдігі (ауыл әкімдіктері де сырт қалмауы тиіс) жылдың төрт мезгілінде тұрғындардың жарамсыз саналған қоқысын ақылы негізде кем дегенде апта сайын арнайы орнына (полигонға) алып кететіндей қызмет көрсету қызметін жолға қоюды ойластырғаны жөн. Мұндай қызмет Алматы және Талдықорған қаласында байырдан жолға қойылған. Тіпті оны айтасыз, сонау алыстағы Байқоңыр қаласының іргесіндегі Төретам станциясынан қонаққа келген жақын туысым: «Біздер жарамсыз қоқыстарды күнделікті үй жанындағы темір бөшекелерге салып отырамыз. Ай сайынғы төлем ақыға сай (пәлендей қымбат емес) тиісті мекемелер оны уақытылы жинап алып, сыртқа шығарып отырады. Бұрынғыдай бей-берекетсіз шашылып жататын күл-қоқыстан бір тазарып қалдық деп мақтана әңгімеледі. Көріп отырғандай, тиісті мекемелер, жергілікті атқарушы органдар қала мен ауыл тұрғындарымен қоян-қолтық жұмыс істеу, олардың азаматтық белсенділігін арттыру арқылы осы бір болмашы саналатын, әйтсе де жауапкершілігі зор, біздің ішкі және сыртқы тұрмыстық мәдениетімізді айғақтайтын тазалық мәселесін көп болып, бір ізділікпен шешуді кідіртпей қолға алсақ нұр үстіне нұр болмақшы. Қалай десек те қаласы мен ауылына қарап, азаматын таны деп бекер айтылмаса керек. Ойланайық, қолға алайық ағайын!

Қ.ҚОНЫСҰЛЫ.

Летняя пора, как правило всегда сопровождается богатим изобилием на рынках растениеводческой продукции. Вот и нынешний год не стал исключением. На торговых прилавках помимо свежевыращенных овощей, фруктов, различной зелени, появились и бахчевые культуры.

БУДЬ БДИТЕЛЕН, ПОКУПАТЕЛЬ!

Безусловно, все это вкусно и полезно, если выращено без нитратов или содержанием их в пределах допустимого.

В связи с актуальностью этой темы мы посетили отдел ветеринарии, пытаясь выяснить, какие меры предпринимаются у нас в районе для того, чтобы недоброкачественный продукт не попал на стол потребителей. Данный вопрос, был задан ветврачу Аскару Смагулову, в полномочия и функциональные обязанности которого входит проверка объектов внутренней торговли на местных продовольственных рынках. В частности, он занимается проверкой продукции животного и растительного происхождения.

В ходе беседы мы выяснили, что по закону любая продукция (в том числе и арбузы) прежде чем попасть на прилавок, в обязательном порядке должна пройти лабораторные исследования. Лаборатории имеются в управлении по защите прав потребителей (бывший СЭС), а также на центральном рынке. Только после этого, если товар соответствует стандартам, его хозяину выдается разрешение для его реализации. И только при наличии акта экспертизы, где указана безопасность товара, владельцы рынков имеют право предоставить место на рынке. В случае предоставления места для реализации товара не соответствующего необходимым нормам безопасности (о чем указано в акте), ответственность за последствия будет нести и продавец, и владелец (администрация) рынка.

Вместе с тем, специалист, с которым нам удалось побеседовать, настоятельно рекомендовал потребителям прежде чем купить товар, обязательно самим ознакомиться с актом экспертизы, который должен предоставить ему по его просьбе продавец. Причем ответ, типа «не нравится, не покупай» или что-либо подобное, здесь не уместен. Если продавец начинает грубить, скандалить, оскорблять покупателя вместо того, чтобы предоставить требуемый документ, последний вправе обратиться с жалобой к администрации рынка, а также в отдел ветеринарии или в правоохранительные органы. В эти же инстанции следует обратиться с жалобой в случае покупки недоброкачественного товара (и возможного причинения этим вреда здоровью), ведь потребитель, как и предприниматель тоже имеет свои права.

Вместе с тем, специалисты не рекомендуют производить покупку в местах стихийной торговли, (то есть местах не отведенных специально для торговли), которые, кстати, должны пресекаться правоохранительными органами.

Что же касается арбузов, то во все времена специалисты говорили о том, что не желательно употреблять ранние арбузы. Но, при этом, не лишне будет взглянуть на акт экспертизы, чтобы убедиться все же в качестве арбузов (как впрочем и другой продукции) для безопасности вашего здоровья.

С. САРСЕНКУЛКЫЗЫ



1 тамыз	2 тамыз	3 тамыз	4 тамыз
ДҮЙСЕНБІ/ПОНЕДЕЛЬНИК	СЕЙСЕНБІ/ВТОРНИК	СӘРСЕНБІ/СРЕДА	БЕЙСЕНБІ/ЧЕТВЕРГ
ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСТАН 06.05 Концерт 07.00 «Таңшолпан» 08.00, 09.30, 17.30, 19.30, 23.30 «KazNews» 10.00, 10.30 М/ф 11.00 «Дара жол» 12.30, 01.55 «Дауа» 13.00 «Бірге таңдаймыз» 14.10, 22.00 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.40, 18.35 «Сурайя» 17.55 Арнайы жоба 18.05 «Шытырман» 20.20, 00.35 «Серпіліс» 21.05 Т/х «Аяулы арман» 22.55, 02.25 «Түнгі студияда» 00.15 «Спорт КЗ.» 01.20 «Ғасырлар үні»	ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСТАН 06.05, 08.00, 09.30, 17.30, 19.30, 23.30 «KazNews» 07.00 «Таңшолпан» 10.00, 10.25 М/ф 10.50, 21.05 Т/х «Аяулы арман» 11.45, 20.20, 00.50 «Айтуға оңай» 12.30, 00.20 Деректі фильм 13.00 «Бірге таңдаймыз» 14.10, 22.00 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.40, 18.35 «Сурайя» 17.50, 01.35 «Қылмыс пен жаза» 18.10 «Шытырман» 22.55, 02.30 «Түнгі студияда» 01.55 «Ғасырлар үні»	ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСТАН 06.05, 08.00, 09.30, 17.30, 19.30, 23.40 «KazNews» 07.00 «Таңшолпан» 10.00, 10.25 М/ф 10.50, 21.05 Т/х «Аяулы арман» 11.45, 20.20 «Айтуға оңай» 12.30 Деректі фильм 13.00 «Бірге таңдаймыз» 14.10, 22.00 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.40, 18.20 «Сурайя» 17.55 «Шытырман» 19.15, 23.25 «Олимпиада-2016» 22.55 «Түнгі студияда» 00.30 «Бүгінгі күннің батырлары» 00.35 «Футбол»	ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСТАН 06.05, 08.00, 09.30, 17.30, 19.30, 23.40 «KazNews» 07.00 «Таңшолпан» 10.00, 10.25 М/ф 10.55, 21.05 Т/х «Аяулы арман» 11.45, 20.30, 01.00 «Айтуға оңай» 12.30, 00.30 Деректі фильм 13.00 «Бір-ге таңдаймыз» 14.10, 22.05 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.40, 18.20 «Сурайя» 17.55 «Шытырман» 19.15, 23.25 «Олимпиада-2016» 22.55, 02.20 «Түнгі студия» 01.45 «Ғасырлар үні»
ХАБАР 07.00, 18.30 «Біздің үй» 08.00 «Әселдің құрбы-құрдастары» 08.50 «Аймақтар аламаны» 10.00 Дайджест новости 10.15, 22.15 Сериал «Осколки» 11.05 «Кулинарная программа» 11.40 «Экономкласс» 11.50 «Подари детям жизнь» 11.55, 23.10 «Тағдыр тартысы» 12.30, 19.20 Т/х «Махаббатым жүрегімде» 13.10 «Королева игры» 14.05 «Катина любовь» 14.55, 17.05 «Олимпиада – 2016» 15.05 М\ф 15.30, 00.45 «Өмір сабақтары» 16.05 «Кеңесшілер» 16.30, 01.30 «Әр үйдің сыры басқа» 17.15 Сериал «Агенты справедливости» 18.05 «Қайсар жандар» 20.00, 21.00, 23.45, 01.55 «Жаңалықтар» 20.30 Арнайы хабар 21.30 Сериал «Такая работа» 00.15 «Сотқа жеткізбей»	ХАБАР 07.00, 18.25 «Біздің үй» 08.00 «Әселдің құрбы-құрдастары» 09.00 «Аймақтар аламаны» 10.00, 22.15 Сериал «Осколки» 11.05 «Кулинарная программа» 11.40, 15.25 «Подари детям жизнь» 11.45, 23.10 «Тағдыр тартысы» 12.20, 19.15 «Махаббатым жүрегімде» Т/х 13.05 «Королева игры» 14.00 «Катина любовь» 14.50, 17.00 Олимпиада - 2016 15.00 М\ф 15.30 «Кеңесшілер» 16.25, 01.40 «Әр үйдің сыры басқа» 17.10 Сериал «Агенты справедливости» 18.00 «Тағдыр жолы» 20.00, 21.00, 00.10, 02.15 «Жаңалықтар» 20.30 «Бюро расследований» 21.30 Сериал «Такая работа» 23.45 Арнайы хабар» 00.40 «Сотқа жеткізбей» 01.10 «Өмір сабақтары»	ХАБАР 07.00, 18.30 «Біздің үй» 08.00 «Әселдің құрбы-құрдастары» 08.50 «Аймақтар аламаны» 10.00, 22.15 Сериал «Осколки» 10.55 «Кулинарная программа» 11.30, 15.35 «Подари детям жизнь» 11.35, 23.10 «Тағдыр тартысы» 12.10 «Махаббатым жүрегімде» Т/х 12.50 «Королева игры» 13.45 «Развод» 14.35, 17.05 Олимпиада - 2016 14.45 М\ф 15.40 «Кеңесшілер» 16.35, 01.05 «Әр үйдің сыры басқа» 17.15 Сериал «Агенты справедливости» 18.05 «Қайсар жандар» 19.20 «Тракторшының махаббаты» Т/х 20.00, 21.00, 23.45, 01.35 «Жаңалықтар» 20.30 «Тағдыр жолы» 21.30 Сериал «Такая работа» 00.15 «Сотқа жеткізбей» 00.45 «Арман қанытында»	ХАБАР 07.00 «Бұйымтай» 08.00 «Әселдің құрбы-құрдастары» 08.50 «Аймақтар аламаны» 10.00, 22.15 Сериал «Осколки» 11.55 «Кулинарная программа» 11.25, 15.30 «Подари детям жизнь» 11.30, 23.10 «Тағдыр тартысы» 12.05, 19.20 «Тракторшының махаббаты» Т/х 12.45 «Королева игры» 13.40 «Развод» 14.30, 17.05 «Олимпиада – 2016» 14.40 М\ф 15.35 «Кеңесшілер» 16.30, 01.35 «Әр үйдің сыры басқа» 17.15 Сериал «Агенты справедливости» 18.05 «Ду-думан» 18.55. «Тур де Хабар» 20.00, 21.00, 23.45, 02.05 «Жаңалықтар» 20.30, 01.05 «Қайсар жандар» 21.30 Сериал «Такая работа» 00.15 «Сотқа жеткізбей» 00.45 «100 бизнес тарихы»
ASTANA TV АСТАНА 07.00, 01.10 «Ән мен әзіл» 08.00, 16.40 М/ф 09.00«Ғашық жандар» 10.00 Т\х «Фериха» 11.10, 18.00 «Жетім жүрек» Т/х 13.10, 19.00, 20.50 Т/х «Қыз ақысы» 15.00 Сериал «Практика» 16.00 «Отбасы» 17.00, 21.30 Т/х «Стамбул көшелері» 20.00, 00.50 Жаңалықтар 20.20 «Ел аузында» 20.30, 00.30 Новости 22.30 Сериал «Дыши со мной» 23.30 «Карточный домик»	ASTANA TV АСТАНА 07.00, 01.10 «Ән мен әзіл» 07.50, 20.00, 00.50 Жаңалықтар 08.10, 20.30, 00.30 Новости 08.30 М/ф 09.00 «Ғашық жандар» 10.00 Т\х «Фериха» 11.10, 18.00 «Жетім жүрек» Т/х 12.10, 19.00 , 20.50 Т/х «Қыз ақысы» 14.00 Сериал «Практика» 15.00 Х/ф «Руки прочь от моего мужа» 17.00, 21.30 Т/х «Стамбул көшелері» 20.20 «Ел аузында» 22.30 Сериал «Дыши со мной» 23.30 «Карточный домик»	ASTANA TV АСТАНА 07.00, 01.10 «Ән мен әзіл» 07.50, 20.00, 00.50 Жаңалықтар 08.10, 20.30, 00.30 Новости 08.30 М/ф 09.00«Ғашық жандар» 10.00 Т\х «Фериха» 11.10, 18.00 «Жетім жүрек» Т/х 12.10, 19.00, 20.50 Т/х «Қыз ақысы» 14.00 Сериал «Практика» 15.00 Х/ф «Озорник» 17.00, 21.30 Т/х «Стамбул көшелері» 20.20 «Ел аузында» 22.30 Сериал «Дыши со мной» 23.30 «Карточный домик»	ASTANA TV АСТАНА 07.00, 01.10 «Ән мен әзіл» 07.50, 20.00, 00.50 Жаңалықтар 08.10, 20.30, 00.30 Новости 08.30 М/ф 09.00 «Ғашық жандар» 10.00 Т\х «Фериха» 11.10, 18.00 «Жетім жүрек» Т/х 12.10, 19.00, 20.50 Т/х «Қыз ақысы» 14.00 Сериал «Практика» 15.00 Х/ф «Невестка воровка» 17.00, 21.30 Т/х «Стамбул көшелері» 20.20 «Ел аузында» 22.30 Сериал «Дыши со мной» 23.30 «Карточный домик»
ЕВРАЗИЯ 06.00, 07.00, 07.55, 22.00, 02.30 Жаңалықтар 06.05 «Жить здорово» 07.15 «Сапа бақылауда» 08.00 «Доброе утро» 10.00 «Жады меня» 11.00, 02.20 «Басты патруль» 11.10, 02.00 «Паутина» 11.35 «Ән дария» 12.30 «Әйел сыры» 13.30 «Джодха және Акбар» үнді фильмі 14.50 Сериал «Узнай меня, если сможешь» 16.40«Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 19.00 «Между нами девочками» 20.00 «Главные новости» 20.50 «Долгий путь домой» 22.45 Т/х «Ғажайып жан» 23.50 «Маргарита Назарова»	ЕВРАЗИЯ 06.00, 07.00, 07.55, 22.00, 02.30 Жаңалықтар 06.05 «Жить здорово» 07.15 «Сапа бақылауда» 08.00 «Доброе утро» 10.00 «Склифосовский-4» 11.00, 02.20 «Басты патруль» 11.10, 02.00 «Паутина» 11.35, 03.10 «Все мы люди» 12.30 «Әйел сыры» 13.30 «Джодха және Акбар» үнді фильмі 14.50 Сериал«Узнай меня, если сможешь» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 19.00 «Между нами девочками» 20.00 «Главные новости» 20.50 «Долгий путь домой» 22.45 Т/х «Ғажайып жан» 23.50 «Маргарита Назарова»	ЕВРАЗИЯ 06.00, 07.00, 07.55, 22.00, 02.30 Жаңалықтар 06.05 «Жить здорово» 07.15 «Сапа бақылауда» 08.00 «Доброе утро» 10.00 «Склифосовский-4» 11.00, 02.20 «Басты патруль» 11.10, 02.00 «Паутина» 11.35, 03.10 «Все мы люди» 12.30 «Әйел сыры» 13.30 «Джодха және Акбар» үнді фильмі 14.50 Сериал «Узнай меня, если сможешь» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 19.00 «Между нами девочками» 20.00 «Главные новости» 20.50 «Долгий путь домой» 22.45 Т/х «Ғажайып жан» 23.50 «Маргарита Назарова»	ЕВРАЗИЯ 06.00, 07.00, 07.55, 22.00, 02.30 Жаңалықтар 06.05 «Жить здорово» 07.15 «Сапа бақылауда» 08.00 «Доброе утро» 10.00 «Склифосовский-4» 11.00, 02.20 «Басты патруль» 11.10, 02.00 «Паутина» 11.35, 03.10 «Все мы люди» 12.30 «Әйел сыры» 13.30 «Джодха және Акбар» үнді фильмі 14.50 Сериал «Узнай меня, если сможешь» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Родина» 19.00 «Между нами девочками» 20.00 «Главные новости» 20.50 «Долгий путь домой» 22.45 Т/х «Ғажайып жан» 23.50 «Маргарита Назарова»
КТК 06.05 «Анда-санда» 06.40 К/ф «Жас жұбайлар шатыры» 08.10 «Қыз қылығы» 08.40 Т/х «Алаң болма, жаным» 09.50 «Смотреть всем!» 10.50 «Поделись счастьем своим» 14.25 «Семейные драмы» 15.25 «Көріпкел» 16.25 Т/х«Тағдырмен тартыс» 17.05 Т\х «Махаббат мұңы» 17.50 Т\х «Махаббатта шек бар ма?» 18.40 Т\х «Фатмагүлдің жазығы не?» 20.30, 02.35 Жаңалықтар 21.00 Новости 21.35 «Королева бандитов-2» 23.25 «По горячим следам» 01.10 «Верное средство-3» 02.00 «КТК қоржынынан»	КТК 06.05 «Қарадайы» 07.00 Т/х «Алаң болма жаным» 07.45, 20.30, 02.35 Жаңалықтар 08.20, 18.40 Т\х «Фатмагүлдің жазығы не?» 10.10, 23.25 «По горячим следам» 12.00, 21.00 Новости 12.35 «Парфюмерша» 14.25 «Семейные драмы» 15.25 «Көріпкел» 16.25 Т\х«Тағдырмен тартыс» 17.05 Т\х «Махаббат мұңы» 17.50 Т\х «Махаббатта шек бар ма?» 21.35 «Королева бандитов-2» 01.10 «Верное средство-3» 02.00 «КТК қоржынынан»	КТК 06.05 «Қарадайы» 07.00 Т/х «Алаң болма жаным» 07.45, 20.30, 02.35 Жаңалықтар 08.10, 18.40 Т\х «Фатмагүлдің жазығы не?» 10.00, 23.25 «По горячим следам» 12.00, 21.00 Новости 12.35 «Парфюмерша» 14.25 «Семейные драмы» 15.25 «Әйел қырық шырақты» 16.25 Т/х «Тағдырмен тартыс» 17.05 Т\х «Махаббат мұңы» 17.50 Т\х «Махаббатта шек бар ма?» 21.35 «Королева бандитов-2» 01.10 «Верное средство-3» 02.00 «КТК қоржынынан»	КТК 06.05 «Қарадайы» 07.00 Т/х «Алаң болма жаным» 07.45, 20.30, 02.35 Жаңалықтар 08.10, 18.40 Т\х «Фатмагүлдің жазығы не?» 10.00, 23.25 «По горячим следам» 12.00, 21.00 Новости 12.35 «Парфюмерша» 14.30 «Семейные драмы» 15.25 «Әйел қырық шырақты» 16.25 Т\х «Тағдырмен тартыс» 17.05 Т\х «Махаббат мұңы» 17.50 Т\х «Махаббатта шек бар ма?» 21.35 «Королева бандитов-2» 01.10 «Верное средство-3» 02.00 «КТК қоржынынан»
